

ӘОЖ 930.85:39

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БІРЛЕСТІК

Рүстемова Фариза Жандарбекқызы

farizarustemova.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану мамандығының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ү. Мұсабекова

Бұл шағын мақаладағы мақсатымыз қырғыз бен қазақтың тарихи туыстықтарын сөз ету емес, сол туыстықтың, жақындықтың, тағдырластықтың мың да бір дәлелі – олардың ауыз әдебиетінің өзара бірлестігі, байланысы жөнінде бірер сөз қозғау.

Академик В.М. Жирмунский өзінің 1957 жылы Ташкент қаласында болып өткен Шығыстанушылардың бірінші Бүкілодақтық конференциясында жасаған «Орта Азия халықтарының батырлық эпосын зерттеудегі кейбір нәтижелер» [1] атты баяндамасында Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар – өзбектер, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар, түрікмендер сонау көне замандардан бастап өзара тіл бірлестігімен тығыз байланысты. Бұл бірлестік, түптеп келгенде, олардың тарихи туыстығынан, этникалық, мәдениеттік өзара қарым-қатынасынан шыққан деп дәлелдейді. Біздің ойымызша, атакты ғалымның бұл айтқандарына негіз болған осы түркі тілдес халықтардың, олардың ішінде, әсіресе қазақ пен қырғыздардың ауыз әдебиеттерінің ұқсастығы, өзара байланысы болса керек. Бұлай дейтініміз бұл екі халық фольклорының поэтикалық жанрында ұқсас сюжеттердің кездесетінінде ғана емес. Мысалы, қазақ пен қырғыздардың кейбір мақал-мәтелдерін алсаңыздар олардың тек мазмұны, негізгі идеялары ұқсап қоймай, тіпті сыртқы түзілісі, сөз компоненттері де өзара ұқсап жатады. Кейбір фонетикалық өзгешеліктерді ескермегенде, көпшілігінің композициялық құрылысы, айтайын деген ойы бір жерден шығып отырады.

Салыстырып қарайық: қазақша – «Жаманның жанын сақтағанша, жақсының даңқын сақта», «Құдайға сенген жаяу қалады», «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес». Қырғызша – «Жаманның жанын сақтағанча, жақшының данқын сақта», «Құдайға сенген жаяу келат», «Байлық мұрат емес, жоқтук ұят емес».

Қазақ-қырғыз ертегілері жанр жағынан өте бай және ұқсас: тұрмыс-салт, таңғажайып ертегілері, хайуанаттар ертегілері, тақырып, сюжет, негізгі кейіпкерлердің мінездемелері жағынан да ұқсастық тапқан. Тіпті қырғыз бен қазақтың эпикалық жырларының кейбір түрлерінде тақырыптың үндестік пен идеялық бірлестікті көруге болады. Мысалы, қырғыз халқының батырлық эпосы «Эр Тоштюктің» бірнеше варианты бар. Ал қазақта «Ер Төстік» атты эпос кең тараған. Осы екі халық эпосының арасында айырмашылық жоқтың қасы. Олардың идеясы, тақырыбы бір негізінде құрылған геройлары бір-біріне өте ұқсас. Айырмашылығы қырғыз эпосының төрт вариантының төртеуінде де Төстіктің әкесінің аты – Элеман. Ол асқан бай, безбүйрек қатал кісі болған. Қазақ эпосының Г.М. Потанин жазып алған бір вариантында ол байдың аты Тоңпай, екіншісінде – Болатбай. Бірақ бұл байлардың аттары әр түрлі болғанымен іс-әрекет, мінездері бір. Барлық нұсқаларда бір байдың образы берілгендей.

Бірлестіктің тағы бір көрінісі – екі халықтың эпикалық шығармаларында екі елге ерлігі бірден әйгілі батырлардың болуы. Мысалы, қазақ батыры Ер Көкшенің қырғыз эпосы «Манастағы» Манастың үзеңгілес досы ретінде жырлануы, ал қазақ эпосы «Ер Көкшеде» Манас батыр Көкшенің серігі болып жырланады.

Орта Азияны мекен еткен қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен тәрізді түркі тілдес халықтардың өміріндегі ең бір елеулі тарихи кезең – олардың кейде бірігіп, кейде өз алдына қол құрап, Жоңғар шапқыншыларына қарсы күрескен кезеңдері олардың тарихында, әдеби, мәдени мұраларында өшпес із қалдырып отырған. Сондықтан болса керек, қазақ пен қырғыз халықтарының батырлық эпосында ортақ сарын, ортақ жүйе, образдар ұқсастығы мол байқалады. Қырғыздың «Құрманбегі» мен «Жаныш-Байышын» қазақтың «Қобыланды», «Алпамыс» эпостарымен салыстыра зерттегенде де осыны аңғарамыз.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының эпостық шығармаларында басты кейіпкер әдетте қарттың жалғыз баласы болып келеді. Фольклорлық дәстүр бойынша, ол бала қашан да ата-анасы қартайған кезде дүниеге келеді. Және оның тууына бірден-бір себепкер болатын – періштелер. Шал мен кемпір оларға жалынады. Тілектері періштенің құлағына шалынып, ана көп ұзамай ұл табады. Ол ұл жастайынан батыр болып туады. Батыр туар алдында анасы қашанда жыртқыш хайуандардың (аяу, жолбарыс, арыстан) жүрегіне жерік болады. Болашақ батыр күн санап өседі. Жасы 9 не 12-ге жеткенде жорыққа аттанады, ерліктер жасайды,

қаһармандық істерімен көзге түсе бастайды. Мұндай кейіптеу, әсірелеу эпизодтары қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен тағы басқа халықтар эпосында жиі кездеседі.

Қазақ пен қырғыздың халық поэзиясын қай жанрынан болмасын салыстырып қарасаң, одан тақырып, мазмұн үндестігін және көркемдік құралдардың өзара ұқсас-ұштастығын байқаймыз.

Осылайша екі туысқан халықтардың фольклорын типологиялық тұрғыда салыстыра берсек, айтар сөз, жасар қорытынды аз болмас еді.

Бірақ қаншалықты бірлестік, үндестік, ұқсастықтар бар десек те, олардың арасынан айырмашылық та табылады. Бұл тұста В.В. Радловтың: қазақта лирикалық поэзия кеңінен өрістеген, ал қырғыз халқында эпикалық поэзия басымырақ деген пікіріне қосылуға болар еді. Оның есесіне қырғыз халық поэзиясының айтыс, толғау, халық өлеңдері сияқты өзге жанрлары кенжелеп қалған. Ал қазақ фольклорын алатын болсақ, онда ертегі, аңыз, қисса-хикаят, айтыс, толғау тағы сондай жанрлар мол дамыған.

Қазақ, қырғыз халық ақындарының бауырлас творчестволық достығы осы екі ел арасындағы мәдени, әдеби өзара қатынастардың жарқын бір көрінісі болып табылады. Жылдан-жылға нығайып келе жатқан ағайындық, қаламдастық қарым-қатынастары қазақ ақындары Сүйінбай, Шашубай, Шөже, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, қырғыз ақындары Тоқтағұл, Халық, Қалмырза, Оспанқұлдармен тығыз байланысты, тіпті олар бір-бірімен айтысқа да талай түскен.

Жамбыл аты қырғыз еліне ертеден әйгілі. Оның бұрынғы, соңғы өлең жырлары қырғыздар арасында кең тараған, тіпті қырғыздар оны өзіміздің ақынымыз деп кеткен.

Сондықтан да болу керек, қазақ фольклоры мен шығармалары ішінде қырғыз ең алғашқы және ең көп аударылған Жамбыл жырлары болған [2].

Жамбыл мен Тоқтағұлдың достығы ел арасында аңызға айналған. Осы екі ақынның көптеген туындыларын оқығанда, олардың өзара үндестігі байқалады. Әсіресе, 30-40 жылдарғы өлең-жырлары тақырып-мазмұн жағынан өзара астасып жатады. Революцияға дейінгі өлеңдерінде екі ақын қанаушы тап өкілдері бай, манап, молда, ишандарды әшкерелейді, кедей жалшылардың жоғын жоқтайды. Бұл құбылысты Тоқтағұлдың «Бескаман», «Рапы қалпе», «Ешан қалпе», «Шожарларға арно» т.б. өлеңдері мен Жамбылдың «Мәмбетке», «Қадырбайдың төбеті» тәрізді өлең, жырларымен салыстыру үстінде анық аңғарамыз.

Қырғыз ақындары Тоқтағұл мен Қалмырзаны алғашқы көргенде Кенен он жаста екен. Осы кездескені, сондағы алған әсерлері жөнінде ол өзінің естеліктерінде жақсы айтады [3].

1900-1905 жылдары бозбала Кенен бірнеше өлеңін шығарған. Солардың ішінде көпшілікке кең тарағаны «Көпшілік көрсін әнімді» атты өлеңі. Осы өлеңін Кенен 17 жасында алғашқы рет қырғыз манабы Шабденнің асында айтып, сол кезден бастап ол қазақ, қырғыз елдерінің төл ақыны аталған. Оның ақындық өнері осы алғашқы өлеңінен бастап қарыштап алға баса береді. Өзінің естелігінде Кенен сол өлеңді қалай орындағанын, Қалмырза ақын қалай қолдап, оған дем бергенін есіне алады.

Кененнің қос ұлдары Базар мен Назар дүние салып, ақын қатты қайғырады. Бұл хабарды естіген қырғыз ақындары Оспанқұл мен Төкпе Кененге көңіл айтуға келеді. Олар қайғылы ақынға өлеңмен былай деп көңіл айтқан:

Мен Оспанқұл жиенің,

Бөлебала күйеуің,

Қапа болсаң ортақпын,

Сырқырайды сүйегім.

Көңіл айта көп қырғыз,

Қосып келдік тілеуін.

Кененнің әрі ақын, әрі композитор, әрі өз шығармаларын орындаушы екендігі көп елге аян. Оның жадында осы күнге дейін Шығыс классиктерінің жырлары қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің көптеген тамаша нұсқалары сақталып келеді. Бір ғажабы ақын қырғыз эпосы «Манастың» ұзақ бір тарауын жатқа біледі. Кенен жадындағы 7000 жол жырдың Саяқбай Қаралаев жырынан азды-көпті айырмашылықтары бар. Кенен нұсқасы композициялық

тақырып жағынан алып қарағанда өз алдына бір жеке кесек туындыға ұқсайды.

Кенен Әзірбаев өз творчествосының бір бастауы деп қырғыз фольклорын, қырғыз әдебиетін атайды. Сондықтан болу керек, ол Тоқтағұл мен Қалмырзаны ұстаздарым деп оларды аса құрмет тұтады. Ақын Қырғызстанды өзінің екінші туған елім деп есептейді. Қырғыз халқына деген сүйіспеншілік сезімін өзінің көптеген өлең-жырына арқау етеді. Солардың бірі «Алатау» өлеңінде ақын былай дейді:

Алатау туып, өстім алабында,

Жетісу желі жұпар самалында.

Атанып әнші-ақын еркеледім,

Сауықшыл қырғызым мен қазағыма [4].

Қорыта келгенде, айтарымыз, қазақ пен қырғыз халық поэзиясы ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар фольклорын тереңнен зерттеп, салыстыра қарау келелі проблемалардың бірі. Бұл күрделі мәселені жан-жақты зерттеу – фольклористердің алда тұрған міндеті болуға тиіс. Өйткені бұл мәселені зерттеу үстінде көптеген бірлестіктер мен ортақ заңдылықтарды аңғаруға болар еді. Ал ол заңдылықтар қазақ, қырғыз жалпы фольклористика ғылымының дамуына өз септігін тигізе бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жирмунский В.М. Некоторые итоги изучения героического эпоса народов Средней Азии. – М., 1958.
2. Қазақ әдебиетінің байланыстары, библиографиялық көрсеткіш. Алматы, 1968.
3. Әзірбаев К. Аңыздар сыры. Алматы, 1969.
4. Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында, папка № 99, 235 б.